

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

Таким образом, Международные стандарты носят рекомендательный характер, и страны самостоятельно принимают решения об их использовании. Поскольку они являются обобщенным результатом функционирования наиболее развитых учетных и контрольных систем в мире (американской и европейской), их внедрение должно осуществляться с учетом специфики национального законодательства.

Литература:

1. WWW.24.kz, WWW.akorda.kz Статья Главы государства «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность»
2. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года – 35с.<http://adilet.zan.kz>.
3. Указ Президента РК от 7 апреля 2009 года № 788 «Об утверждении Стандартов государственного финансового контроля»;
4. Дубицкий А.А. Руководство по проведению государственного финансового контроля. Учебное пособие. Астана, РГП «Центр по исследованию финансовых нарушений», 2012, -295 с.
5. Закон Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года № 392-V «О государственном аудите и финансовом контроле» <http://online.zakon.kz/Document/doc/377247301;301>
6. Исследование механизма внедрения международных стандартов и руководств высших органов аудита (ISSAI) в деятельность органов внешнего государственного аудита Республики Казахстан. РГП «Центр по исследованию финансовых нарушений» - Астана, 2014год.
7. Загоскина З.П. «Активизация государственного финансового контроля в управлении экономикой Казахстана в современных условиях» (теория, практика, перспективы). Монография. 2011, 370с.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС КӘСПОРЫНДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Успамбаева М.К., Қарсыбаева Т.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: omk2108@mail.ru, tkarsybaeva@mail.ru

Шағын бизнес субъектілерімен көрсетілетін қызмет көрсетулердің әралуандылығы мен жан жақтылығы шағын және орта бизнес кәсіпорындарында қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарын (ҚЕХС) жүргізудегі кешенді жолдың қажеттілігін тудырады.

Соңғы зерттеулер мен баспа жұмыстарын талдауда ҚЕХС - шағын және орта бизнес үшін шығындық жағы бойынша ең тиімді және акционерлер, банктер және өзге де мүдделі тараптарға қаржылық есеп беруді жоспарлап жүрген жеке компаниялар үшін ең нәтижелі тәсіл.

Қазіргі уақыттағы шағын кәсіпорындардың маңызы, олардың жоспарлы экономиканың бос қалған аумақтарын тиімді толтыруы мен кейде үлкен бизнес қолға алуға дайын емес қызметтер мен атқарымдарды жүзеге асыруына негізделген. Шағын бизнес нарықтың нәтижелі жұмыс жасауына аса қажетті жеке меншіктің таза күйінде кездесетін жалғыз секторы.

Жүргізілген зерттеу жұмысының теориялық және практикалық негізі шағын және орта бизнес кәсіпорындарының даму және қалыптасу тиімділігінің теориясы бойынша ғылыми жұмыстарға, салалық методикалық материалдарға, өндіріс тиімділігінің теориясына, ҚР Үкіметі мен Парламентінің қаулылары мен заңдарына [1-3], қарастырылып отырған тақырып бойынша алдыңғы қатарлы шетелдік және қазақстандық экономист ғалымдардың еңбектеріне[4-10] және өзге де деректерге сүйенді.

Ортақ мәселенің шешімін таппаған бөлімдері. Шағын және орта бизнесті есепке арудың стратегиясы, бухгалтерлік есептердің жүргізілуі мен қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына көшуі олардың бухгалтерлік есептері мен қаржылық есептемелерінің мойындалуына және бағалануына негізделген. Дегенмен, осымен қатар, ҚР шағын және орта бизнес кәсіпорын-дарындағы қаржылық есеп берудің ұлттық стандарттарын тиімді дамыту міндеттері, мемлекеттік бағдарламалармен қатар ғылыми жұмыстарда да көлеңкеде қалуда және әлсіз қалыптасу деңгейінде (ауысу потенциалының өсу уақыты, масштабы және бағыттары, шағын және орта бизнес субъектілерінің қажеттіліктерін толығырақ қанағаттандыру үшін салықтық жеңілдіктерді көбейту және жақсарту, сол арқылы салықтық есеп берудің тиімділігін арттыру жолдары).

Қаржылық есеп беруде Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін екі өлшемшарт: жұмыскерлердің жылдық орташа саны және жылдық орташа кіріс пайдаланылады.

Кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны осы субъект филиалдарының, өкілдіктерінің және басқа да оқшауланған бөлімшелерінің жұмыскерлерін, сондай-ақ дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, барлық жұмыскерлер ескеріле отырып айқындалады.

Соңғы үш жылдағы жиынтық жылдық кірістердің немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкерлік субъектілері кірістерінің үшке бөлінген сомасы жылдық орташа кіріс деп есептеледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларында өзге де өлшемшарттар көзделуі мүмкін.

Заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны бір жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады [5].

Бүгінгі таңда Қазақстанда жүргізіліп жатқан экономикалық дағдарыстан шығу үдерісі үлкен қиындықтар мен көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің туындауымен байланысты.

Пайда болған мәселелерге қарамастан, Қазақстан Республикасындағы шағын бизнес белсенді даму үстінде.

Қаржылық есеп беруде ортақ тәсілді қолдану шағын және орта бизнес кәсіпорындарының талаптарды сақтаудағы азайған мүмкіндіктерін ескермейді. Онымен қоса, шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін қаржылық есеп берудің талаптары аса қиын болған жағдайда, олар жауапкершіліктен қашып, көлеңкеге кетуге мүдделі болады. Дүниежүзілік Банктің соңғы зерттеулері, көптеген мемлекеттердің шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін қаржылық есеп беру, аудит және баспаға шығару талаптарының (қоғамның қаржылық есеп ашық қол жеткізуі) жеңілдетілгенін анықтаған. Алайда, бұл жеңілдетілген талаптар көп жағдайда әлі күнге дейін жеткілікті түрде қиын болып сақталып қалған, әсіресе шағын кәсіпорындар үшін көптеген елдерде бұрынғыдай кәсіпорын өлшеміне сәйкес салыстырмалы түрде шағын аудит жүргізу талап етіледі. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарының халықаралық аренада қалыптасқан анықтамасы болмағанына байланысты, мемлекеттер оларды анықтау үшін әртүрлі параметрлер мен шекті мағыналық мәндерді қолданады.

2009 жылдың шілдесінде, Европа Одағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары Кеңесімен шағын және орта бизнес үшін қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары іске қосылған. Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарымен қатар, қаржылық есеп берудің үлгілері мен ақпаратты ашу бойынша тексерілетін тізім де бірге шығарылған. Шамамен жетпіске жуық мемлекетте бұл бағдарлама қолданылуға берілген немесе қолданылуы талап етіледі, және іске қосу жоспарлануда. Қаржылық есеп берудің

халықаралық стандарттарына сәйкес, есеп беруге көшу ұйымдардан қаржылық шығындар мен уақытты қажет етеді. Сондықтан, ұйымдар тәуелсіз сыншыларды ҚЕХС есеп беруіне ауысу уақытына, зейнетақылық қамтамасыз ету бойынша бағалау жүргізуге, қажетті біліктілікке ие бухгалтерлерге, немесе ҚЕХС есебіне ауысу үдерісінде кеңес беретін тәуелсіз кеңесшілерге кететін негізгі қаражатты бағалау үшін тарту қажет. Компанияларда қалыптасқан ақпараттық жүйелерді трансформациялау қажеттігі, (өсіп келе жатқан ақпараттық қажеттіліктерге жауап беруі үшін), онымен қоса, заңды қайта құрылым (шоғырландырылған қаржылық есеп жасау мүмкіндігіне ие болу үшін) және еншілес компаниялардан ақпарат жинауға кететі уақыт шығын ұйымдастыру қажеттілігі туындауы да мүмкін.

Европа Одағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары Кеңесі, шағын бизнес кәсіпорындарына, жеке компаниялардың ҚЕХС сәйкес толық қаржылық есеп дайындаудағы қиындықтары мен шығындарын азайту үшін жаңа ҚЕХС жасап шығарды. Онымен қоса, Европа Одағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары Кеңесі, жеке компаниялардың қаржылық есептерін қолданушыларының көңіл бөлетін аспектілері, қорлық биржаларда акциялары белігленген қолданушылардың назар аударатын аспектілерінен мүлде бөлек екенін мойындайды. Қазіргі таңда, Қазақстанда шағын бизнес кәсіпорындары үшін ҚЕХС негізінде жасап шығарылған ұлттық стандарттар қабылданды, жоғарыда айтылғандай олардың қолданылуы қаржылық және уақыт бойынша шығындарға әкеліп соқтырады. Сол мезетте, қазақстандық шағын кәсіпорындар есеп-қисап саясатын бекіткен басқарушы органдарының шешімі бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық есеп жасауға құқылы, яғни толық ҚЕХС немесе Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған ҚЕХС. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп-қисап және қаржылық есеп жайлы» заңына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік және қаржылық есепті реттеу жүйесі өкілетті орган арқылы жүзеге асады (Қазақстанда, бұл ҚР Қаржы Министрлігі) [1]. Сәйкесінше, шағын бизнес кәсіпорындары үшін ҚЕХС көшу, әсіресе, ауысу уақытын қосқанда, ҚР Қаржы Министрлігі аталатын өкілетті органның мойнында.

Кешенділігі мен әдістемелік қиындығына байланысты ҚЕХС шағын бизнес субъектілері үшін практикалық тұрғыда қолдануға жарамсыз. Онымен қоса, соңғы уақытта әлі аяқталып үлгермеген стандарттардың өздерінің белсенді қайта жетілдірілу үдерісі жүріп жатыр, ҚЕХС шағын компаниялар мүлде бақылап үлгере алмайтын, маңызды өзгерістермен тұрақты толықтырылып жатыр. Осыған байланысты, ҚЕХС сәйкес қаржылық есеп жасау тек үлкен бизнес субъектілері мен акционерлік қоғамдары үшін ойға қонымды шешім.

Шағын бизнесті қолдауға бағытталған, Елбасы тағайындаған міндеттерге сәйкес, жекелеген кәсіпкерлерді міндетті бухгалтерлік есеп жүргізуден толыққанды босату қажеттілігі туындайды және әртүрлі бухгалтерлік және қаржылық есеп жасау үшін қолданылатын кәсіпкерліктің өзге де субъектілерін саралау керек екені көрінеді.

Бүгінгі күні, ҚЕХС қолданудың мүдделілігіне сәйкес қазақстандық кәсіпорындар бірнеше топқа бөлінеді. Бірінші топты сипаттай отырып, қазіргі таңда, ҚЕХС есеп берулерін тағайындау үшін, бұл топтың бір уақытта есеп берудің екі түрін қатар игеруде екенін ескере кету керек, яғни олар өздерінің есеп-қисап тәжірибелерінде «трансформация» әдісін қолданады. Алайда, бұл жерде көптеген қиындықтар кездеседі, әсіресе, қаржылық есепті қайта жасап, жетілдіруге кететін үлкен қаржылық және уақыт шығындары өте маңызды.

Екінші топта, ҚЕХСке қызығушылығы жоғары кәсіпорындар басымдыққа ие, дегенмен олардың ҚЕХС үшін қаржылық және кадрлық мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан, заңнамалық қайта құрулар үдерісінде есеп беру жүйесі бойынша нормативтік акттермен қайта жұмыс жасап, олардың халықаралық нарыққа шығуына мүмкіндік беру қажет. Өз жұмыстары жайлы ақпаратты ашуға мүдделі емес кәсіпорындар тобына әдетте мыналар жатады: объективті ақпараттарды олардың салық жинауға қатысы болғандықтан, ашып көрсетуге қызығушылығы және/немесе мүмкіндігі жоқ кәсіпорындар. ҚЕХС-ті енгізу ішкі есеп-қисап жүргізу жүйесі мен жалпы есеп беру үдерісіне бірыңғайлық орнатар еді.

Үшінші топ – шағын кәсіпорындар, олардың болар-болмас қызметі оларға ҚЕХС көшуді жүзеге асыратын бағдарламалық өнімдерді жаңартуға мүмкіндік бермейді. Одан бөлек, кадрлар біліктілігін арттыру мен административті шығыстарға кеткен шығындар да олардың жұмыс жасауына әсер етуі мүмкін.

ҚЕХС-тің шағын және орта бизнес үшін пайдасы, оның бұл кәсіпорындарға деген қолжетімді капиталға айналуына негізделген, оны өзге компаниялармен салыстыру жеңіл, сәйкесінше, толық ҚЕХС қолданылуы міндеттелген аймақтарда тапсырма мен жалпы міндеттер жеңілдей түседі. Осылайша, акциялары қорлық биржаларда белгіленген, шаруашылық қызмет субъектісінің еншілес компаниясы, толық ҚЕХС бойынша қаржылық есеп жүргізеді және шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған ҚЕХС қолдануға құқы бар. Тек ақпараттардың ашық қолданысқа берілуі талап етіледі. Дегенмен, шоғырландырылған қаржылық есепке дайындық кезінде және шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған ҚЕХС қолданатын еншілес компания, өзінің қаржылық есебін толық ҚЕХС сәйкес трансформациядан өткізуге тура келеді. Осылайша, және шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған ҚЕХС - акционерлер, банктер және өзге де мүдделі тараптарға қаржылық есеп беруді жоспарлап жүрген жеке компаниялар үшін ең нәтижелі тәсіл.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі төмендегі қорытындылар мен шағын және орта бизнес субъектілерінің талдау мен есеп-қисаптарының дамуы әрі ұйымдастырылуы бойынша ұсыныстарға негіз берді:

1. ҚР –да шағын және орта бизнес сферасы белсенді даму үдерісі үстінде және экономикалық қызметтер бойынша тіркелген кәсіпорындардың өсіп келе жатқан саны мұны толыққанды дәлелдейді.

2. Шағын және орта бизнес саласындағы бухгалтерлік анализ бен есеп жүргізудің негізгі тұжырымдамалық қағидалары тағайындалды: шағын және орта бизнес сферасындағы бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарға сәйкес жіктелуі туралы ереже; шағын және орта бизнестегі бухгалтерлік есепті нормативті реттеудің ұлттық жүйесін қалыптастыру туралы ереже; ақпараттардың қолжетімділігі менашқытығын арттыру туралы ереже; есеп-қисап кадрларының дайындығы мен біліктілігін арттыруға қатысты ереже; шағын және орта бизнес субъектілерімен қолданылатын анализді дамыту жайлы ереже.

3. Қазақстан Республикасының шағын кәсіпорындарының халықаралық стандарттарға көшуі қаржылық және уақыт шығындарын тудырады. Дегенмен ол уақытта, қазақстандық шағын бизнес кәсіпорындары өздерінің есеп-қисап саясатын бекіткен басқарушы органдарының шешімімен, халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық есеп жүргізе алады.

4. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған ҚЕХС артықшылығы, оның бұл кәсіпорындарға деген қолжетімді капиталға айналуына негізделген, оны өзге компаниялармен салыстыру жеңіл, сәйкесінше, толық ҚЕХС қолданылуы міндеттелген аймақтарда тапсырма мен жалпы міндеттер жеңілдей түседі. Осылайша, шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған ҚЕХС - шығындық жағы бойынша ең тиімді және қаржылық есеп беруді жоспарлап жүрген жеке компаниялар үшін нәтижелі тәсіл болып есептелінеді.

5. Жеңілдетілген стандарттардың айқын артықшылықтарына қарамастан, бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында оның кеңінен қолданылуының үлкен мүмкіндіктері әлі анықталмады. Біріншіден, бұл ел ішіндегі шағын бизнес секторының жеткіліксіз дамуымен байланысты. ҚЕХС қолданатын Отандық компаниялардың басым көпшілігі, не аса үлкен көпшілікке белгілі компаниялардың бірі, не шетелдік компаниялардың еншілес кәсіпорындары болып табылады. Біріншілері үшін, жеңілдетілген стандарттарды қолданысқа енгізу мүмкін емес, ал екіншілері үшін ақылға қонымсыз, қанша дегенмен, шоғырландыру кезінде есептің ҚЕХС –тің барлық талаптарына сәйкес екенін көрсету үшін қосымша түзетулер жүргізуіне тура келеді. Дегенмен, жеңілдетілген стандарт кішігірім қазақстандық компаниялармен халықаралық банктерден кредит алу үшін қолданылуы мүмкін, әсіресе,

экономикалық дағдарыс нәтижесінде қалыптастқан ұлттық қаржыландырудың жоғары тарифтерінің кезеңінде жеңілдетілген стандарттар аса тартымды көрінеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы // www.minfin.kz
2. «Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 Бұйрығы // www.minfin.kz.
3. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары // www.minfin.kz
4. Александр Д., Бриттон А., Иориссен Э. Международные стандарты финансовой отчетности: от теории к практике. – М.: Вершина, 2008. – 438 с.
5. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.

ҰЙЫМНЫҢ БАСҚАРУ ЕСЕБІ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Данаева Р.С., Аленова Б.Л.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: danaeva73@mail.ru

Кез-келген ұйым басшысының маңызды мақсаттарының бірі – өзінің бақылауындағы ресурстарын мүмкіндігінше тиімді пайдалану. Ол үшін сол ресурстардың саны жөнінде ақпарат қажет. Стандартты бухгалтерлік есеп ондай ақпараттармен қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан ХХ ғасырдың басында индустриалды дамыған елдердегі нарықтық экономиканың дамуы бухгалтерлік есепке қосымша басқару есебінің қажеттілігін тудырады. Осыған байланысты бухгалтерлік есептің біртұтас жүйесін қаржылық және басқару есебі деп екіге бөлуге тура келді.

Қаржылық есептің мәліметтері салыстырмалы және кәсіпорынның қаржылық жағдайына, оның төлемге және несиеге қабілеттілігіне, оған инвестиция салудың пайдалылығына әділетті баға беру үшін ішкі пайдаланушылар инвесторларға, кредиторларға және басқа пайдаланушыларға қажетті ақпарат бөлуге тиіс.

Қаржылық есеп беру дегеніміз – кәсіпорынның өткен кезеңдегі қаржылық шаруашылық қызметін кешенді түрде сипаттайтын барлық көрсеткіштер жүйесін айтамыз. Есеп беру процесін жасау есеп жұмысының соңғы сатысы болып табылады.

Қаржылық есеп берудің мақсаты өз пайдаланушыларына заңды тұлғаның қаржылық жағдайы туралы сенімді, мәнді және пайдалы ақпараттарды беру болып табылады.

Басқару есебі ұғымына көптеген ғалымдар әр түрлі анықтама берген. А.К.Ержанов; Ә.Қ.Айтанаева; Г.Ш.Жұманова; М.С.Баянова; Ә.Е.Иматаевалардың «Басқару есебі» атты оқу құралында осы ұғымға кеңінен тоқталған. «Басқару есебі» терменнің мәнін ашуда екі кадам ұсынылады. Бірінші management accounting- пен, екіншісі европалық «контролингпен» байланысты.

Бірінші терминмен байланысты кез-келген есеп қызметінің негізгі міндеті-кәсіпорынның басқару персоналдарын (қызметкерлерін) басқару шешімдерін бақылау үшін өз уақытында және толық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл есеп жөніндегі қызметтің кәсіпорынды тұтас және жеке бөлімдерің басқарумен байланыстылығының ажырамайтындығын көрсетеді. Сондықтан басқару есебінің талабынан шығып отырғандай, management accounting сөзін есепті ұйымдастыру деп аударуға болады. Осындай кадамда басқару есебі кәсіпорынның шығындары жөніндегі ақпараттарды талдайтын және жинақтайтын жүйе ғана емес, сонымен бірге қызмет бөлімшелерін бағалау және бюджеттеу жүйесі. Жалпы алғанда мұнда бухгалтерлік технологияға қарағанда басқару дәрежесі үлкен.

Екінші түсінікке сәйкес басқару есебі- өнімнің өзіндік құны, шығыстар мен шығындар жөніндегі ақпараттарды ашып көрсететін және жинақтайтын жүйе ретінде қарастырылады,